

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ
Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасы

Шығармашылық модельдеу және тістерді реставрациялау

Орындаған: Қазақбай Б.А, 4001 стом

Тексерген: Исина З.Е

Қарағанды 2015

Жоспар

- ✓ *Кіріспе*
- ✓ *Эстетикалық стоматология*
- ✓ *Реставрация туралы түсінік*
- ✓ *Реставрациялық жұмысты жүргізу үшін қолданылатын композиттік материалдар*
- ✓ *Науқасты реставрацияға дайындау*
- ✓ *Реставрация әдісін қолдана отырып, пломба қою кезеңдері*
- ✓ *Қорытынды*
- ✓ *Қолданылған әдебиеттер*

Кіріспе

Эстетикалық стоматологияның негізгі мақсаты – тіс қатарының мінсіз эстетикалық көрінісін қалыптастыру болып табылады. Стоматологиялық көмекті кез келген түрін жүзеге асыру кезінде жоғары сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін тістердің пішіндері, түстері мен қалпына келтірулердің функционалдық сипаттармалары тіс қатарында бір – біріне үйлесімді сәйкес келулері керек. Бұзылған тіс тіндерінің қалпына келтірілуі материалды тістің сауытты бөлігіне әр түрлі техникамен салу арқылы жасалады.

Реставрация – бұл композиттерді материалдардың көмегімен тістің функциональды қасиетін және эстетикалық түрін қалпына келтіру.

Реставрацияның тістің пломбалаудан айырмашылығы, пломбалағанда тістердің функциональды қасиеті қалпына келсе, ал реставрация кезінде жоғалтқан тіндер пломбалық материалдар көмегімен толықтырылады.

Тісті пломбалау бұл таза емдеу жұмысы болса, ал реставрация емдеу және көркемдік өнер элементтерінен тұрады. Реставрация жұмысының нәтижесі – ол пішіні, түсі мөлдірлігі, жылтырайтыны табиғи тіске сай, жасанды тіс немесе оның бір бөлігі болып табылады



До



После

Эстетикалық стоматология стоматологияның қарқынды дамып келе жатқан бөлімі. Теориялық материалдардың жаңа түрлерінің (жарықта қататын композиттер, шыны нономерлі цементтер) қолданыла басталуына дейін барлық тістің қатты тіндерінің кариестік емес зақымдалуы өзгепопедемиялық емдеуге әкеп соғатын. Қазіргі кезде осы потологияның емдеу шараларының комплексіндегі эстетикалық реставрациялы стоматология маңызды орын алады.

Тістің қатты тіндеріне жоғары адгезиялық және физико-химиялық, эстетикалық қасиеттері бар. Қазіргі кездегі қалпына келтіруші әдістер композициялық матероналдар негізінде қолданылады. Бұл материалдардың жасау негізінде құрамы, тістің құрылуы және физиологиялық ерекшеліктері, сонымен қатар физикалық-химиялық қасиеттері туралы мәліметтер жатыр.

Реставрациялық жұмысты жүргізу үшін қолданылатын композиттік материалдар төмендегі талаптарға жауап беруі керек:

- ✓ Түрлі түсті шкалада эмаль, дентин кесетін қыр түстері және әр түрлі дақты жабатын арнаулы (опак) түс болуы қажет.
- ✓ IV класс ақауларын, үлкен азу тіс ақауларын қалпына келтіргенде қажет беріктілік, желінбеу тұрақтылығы болуы керек.
- ✓ Композиттің мейлінше жақсы жылтырауы. Мұндай қасиет композит бетінің боялмауына, микроорганизмдердің жабыспауына, осыған байланысты гингивит пен екінші реттік кариестің дамымауына мүмкіндік жасайды.
- ✓ Мүмкіндігінше материалдың айырғыш аралық пломбасыз салынуы. Айырғыш аралық пломбаны салғанда туатын қалыңдылық композит түсі мен реставрация мөлдірлігіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Рестаурацияны жарықпен қататын композиттермен жүргізудегі кері көрсеткіші:

- науқастың жүрек соғуының аппаратын қамтамасыз еткен кезде, фотополимеризатор аппараттың импульсті жиілігін бұзады, сол кезде науқастың жүрегі тоқтауы мүмкін;
- науқаста адгезивті жүйе элементтеріне және композиттің өзіне аллергия болған жағдайда жүргізілмейді;
- патологиялық мұқалау және тік тістесу.

Тісті реставрацияға дайындаудың өзі төмендегідей кезеңдерден тұрады:

- жансыздандыру;
- операциялық алаңды оңашалау;
- өзгерген тінді алу;
- эмаль қырларын қалыптастыру;
- тіс бетінен тіс қағын алу;
- эмаль призмасын алу;
- дымқылдан оңашалап құрғату;
- көрсеткішіне байланысты аралық пломба салу (емдік).

Науқасты реставрацияға дайындау.

Науқасты дайындаудың маңызды жағдайы психологиялық аспект болып табылады. Ол айнамен тістің формасымен түсіп айықтап тандау керек. Дәрігер науқастын айтқаның есепке алу керек. Науқасты ауыз қуысының гигиенасының маңызды екендігіне үйретеді. Себебі оны дұрыс сақтамау реставрация беткейі өз жылтырлығын жоғалтып, түсін өзгертуі мүмкін. Күнделікті ауыз қуысының гигиенасын флосаның қолдану арқылы үйрету.

Ауыз қуысының реставрациясы жансыздандырудан басталады. Фотополимерлермен жұмыс істеген кезде операциялық аймақты, коффердамның көмегімен ауыз және қызыл мен сұйықтығының оңашалау керек.

Реставрация жүргізуде косметикалық эффект жоғары болуы үшін, пломбалық материалдың түсін таңдау маңызды болып саналады. Бұл жағдайда назар аударылады:

- қуыс мөлшеріне
- орналасуына
- патологиялық процесс кезінде, тіс сауытының бұзылу жағдайына
- зақымдалған тістің тіс қатарында орналасу орнына
- науқастың өзіндік ерекшелігіне

Түсті тандау үшін арнайы түстеме қолданады. Олар материал құралында немесе «VITA» деген пломбалық материалды стандартты түстер ретінде берілген. Томдалынған түс арнайы стандартты түс шкаласын «Vita» арқылы анықталады және белгіленеді. Мысалы: «А», «В», «С». Бір дұрыстығын тексеруге болады, ол үшін таңдалған түсті материалды қышқылмен уландырылатын тіс эмаліне жатықызып, лампамен полилеризациялайды. Егерде түс материалдарын таңдалған болса онда эмалде түс айырмашылығы болмау керек.



Реставрация жұмысы кезінде дәрігер - стоматолог бірқатар манипуляция түрлерін орындайды:

- науқасты ауыз қуысы гигиенасына және тіс тазалауды дұрыс жүргізуді үйретеді.
- тіс шөгінділерін ультрадыбысты алу;
- шырышты қабыққа анестезия жүргізу алдында ине салатын жерге аппликациялық жансыздандыру жүргізу;
- коффердамды алу және салу;
- композитті фотополимеризатормен қатыру;
- Реставрация беткейін жылтырату;
- Фотополимеризатор қуатын әр апта сайын тексеру

Реставрация әдісін қолдана отырып, пломба қою кезеңдері:

Тіс бетін тазалау

Бұл кезең кез – келген жадиһатпен пломбалынған кезде міндетті түрде қолданылады. Бұл кезде пломбыланатын тіс бетіндегі, сонымен қатар қасындағы тістердегі кей жағдайда қарсы жақ тістерінен тіс шөгінділері тазартылады. Бұл тістердегі шөгінділерді алу арнайы аспаптармен іске асырылады.




Реставрациялауды жоспарлау және пломбалық жадихаттар түсін таңдау:

Реставрациялаудың жалпы жоспары жасалады, тістің қатты тіндерін егелейді, пломбалық жадихаттар таңдалып алынады және бұлар медициналық және эстетикалық түрде дәлелденуі керек. Содан кейін пломбалық жадихат түсін таңдайды. Пломба түсін анықтар кезінде, тіс құрғақ болмауы керек.



Тісжегі қуысын егелеу.

Тісті абайлап егеу керек. Бұл кезде Блэктің ережелеріне сүйенудің қажеті жоқ, «профилактикалық пломбалау» ұстамы бойынша жүргізіледі. Кіреуке 45⁰ С бұрыш бойынша қиғаш егеледі, ол пломбаның дұрыс орналасуын қамтамасыз етеді. Жаңа пайда болған адгезивтерді қолданғанда тіс тіндері пломбалық жадихаттармен берік байланысқанда, тістің қатты тіндері қатаяды, сондықтан окклюзиялық салмаққа қатыспайтын аймақтарда креукенің дентинсіз сақталуы мүмкін.



Тісті сілекейден оңашалау.

Пломбаланатын тістің оңтайлы түрде сілекейден оңашалануы коффердамның көмегімен жүзеге асырылады. Бірақ айта кететін бір жай жаңа адгезивті жүйелер ылғалдылыққа төзімді болып келеді, сондықтан коффердамды қолдануды қажет етпейді.





Тісжегі қуысын дәрі – дәрмекпен өңдеуден өткізу және құрғату.

Көптеген авторлар, «композиттік» технологияларды қолданған кезде қуысты сумен шайып, ауамен құрғату жеткілікті деп санайды.



Төсемді салу

Көрсетілімдер бойынша емдік және аралық төсемдер қойылады. Емдік төсемді иономерлі цементпен жабады. Иономерлі цементтің қату уақыты 4 минут




Эмаль мен дентинді қышқылмен уландыру

Пломбалық материалдың эмальға адгезиясын жақсарту үшін жасалады. Уландыру тістерді құралдармен егеуден кейін пайда болатын аморфты қабатты жою үшін жасалады, дентин каналдары ашылады. Уландыру үшін жиі фосфорлы қышқыл қолданылады.



Адгезивті жүйені қолдану

Адгезив композитті материалдың тіс беті жақсы жабысуын қамтамасыз етеді. Адгезив арнайы аппликатордың көмегімен тіс бетіне жағылады да, ауаның көмегімен дұрыс қуыс бойынша таралады. 30 секунд уақытта адгезив жақсы сіңіп үлгереді. Кейін фотополяризация көмегімен қатады.



Бастапқы аса бейімді қабат жасау.

Бұл кезеңде тісжегі қуысының қабырғаларына “Flow Line” (Voco) сұйық композитті жағады, бұл кезде ерекше жерлерге көңіл аудару керек: оның ішінде қызыл иек алды қабырғаға, бұрыштарға, тегіс емес рельефке көңіл аударылады. Композиттің фотополимеризациясын жасайды. “Flow Line” (Voco) өзінің қасиетінің арқасында барлық, микробұдырларды, бұрыштарды және тегіс емес жерлерге толтырады, пломбаның жиектік бірігуін қамтамасыз етеді. Одан басқа, сұйық композит пломба астында эластикалық «жастық» түзеді, ол окклюзиялық салмақта сездірмейді.



Қуысты конденсациялық композитпен пломбылау.

Конденсациялық “Solitaire” (Heraeus Kulzler) композитімен қалыңдылығы 2мм жазық қабаттармен қуысты қабат – қабатымен толтырады. Әр қабат бөлек полимеризацияланады. Жадихаттың полимеризациялық шөгуі шамалы болғандықтан пломбылау кезінде бағытталған полимеризацияны жасау қажет емес, оның есесіне металдық, матрицалар және сына тәрізді ағаштар қолданылады. Бұл кезеңде түйіспелі нүктелер қалыптастырылады. Қуыс қарама – қарсы тістермен окклюзиялық түйісуге дейін 1-1,5мм қалыңдыққа пломбыланады. “Solitaire” (Heraeus Kulzler) пломбаның мықтылығын және тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Рестаурация бетін «дәстүрлі микрогибридті композитпен қаптау»

Қалған 1-1,5мм «дәстүрлі» универсальды «Charisma» микрогибридті композитпен толтырады. Пломба беті окклюзиялық беттің бұдырына сай мүсінделеді. Жадихат күшті шам жарығымен қатаяды. Ал біздің қазіргі кезеңімізде, бұл бағытталған полимеризацияны жадихаттың жұқа қабатына байланысты жасамаса да болады. Бұл қабат пломбаға тегістік және эстетикалық тұрпат береді. Фмһиссураларды бояу үшін аралық қабат ретінде «Caries Marker» (Voco) бояғышын қолдануға болады. Матрицамен сына тәрізді ағашты алғаннан кейін, пломбаның тіл және ерін беттерін «аяғына дейін жарықтандыру» жүргізіледі.

Пломбаны түбегейлі өңдеу

Пломбаны тегістеп әрлендіру тіс реставрациясының маңызды кезеңі. Оның дұрыстап жасалуынан соңғы нәтиженің қандай болатындығын анықталады. Композитті пломбаларды тегістеп, әрлендіру үшін арнайы түрпілі аспаптар қолданылады. И.М.Макеева пломба бетін әрлендіруді бағалаудың бірнеше көрсеткіштерін ұсынады:

1. Әрлендірілген реставрацияның бетін ауамен құрғатқаннан кейін жылтырату керек. («құрғақ жылтырату»)
2. Реставрацияда беткей және беткей асты көпіршіктерді болдырмау.
3. Нақтамалық зонд бүкіл бетін бойымен кедергісіз жылжиды, оған қоса «композитті эмаль» және «композитті цемент» аймақтары сырғиды.
4. Флосс тіс аралығында күштеп енгенде түспейлі бетте кедергісіз жылжиды, шығарылғанда қиындықпен шығады. Флосс жыртылмайды және тұрып қалмайды.

Постбондинг

Бұл кезеңде қайтадан және жылтыратылған пломбадағы майда жырықтарды, әсіресе пломба мен эмаль қосылған жерде, пломбалық жадихаттардың соңғы үзімі қатқан кезінде шөгу салдарынан пайда болған, бос жерлерді беткей герметикпен жабады. Пломбаны қойып, түбегейлі өңдегеннен кейін, оның бетіне сонымен қатар кіреукеге радиусы 2мм пломба айналасына 30секундқа тазарту үшін гель жағады. Содан кейін 15 секундтан кейін сумен шайылады, беті құрғатылады. “Dentin – Versiegelungsliguid” (Human – chemieCmbH) герметигі жұқа қабат етіп тазартылған бетке қылқаламмен жағып және күшті шам жарығымен қатайтады.

Пломбаға жанасып тұрған эмаль аймағының флюоризациясы

Бұл кезеңнің мақсаты – пломбаға жанасып тұрған кіреукеңің минерализация деңгейін жоғарылату, сонымен қатар қышқылмен өңдеу жүргізген кезден кейін деминерализациясын жақсарту. Осы мақсатта “Dentin – Versiegelungsliguid” (Human – chemieCmbH) комплектісіне кіретін, құрамындафторы бар дәрмекпен аппликация жасалады.

Науқасқа берілетін кеңес

Алғашқы кезде композитті полимеризациясы 50% жүреді, келесі 24 сағатқа тағы 40% жүреді, қалған 10% - 7 күн аралығында жүреді. Осыған байланысты ақшаулағыш төсемнің қатаю динамикасының ескере отырып науқасқа 2 сағат бойы ас қабылдамауына, ал 2 тәулік бойына қатты тағам жемеуін ескерту керек.

Рестаурація нәтижесі



до рестаурації зубов



после рестаурації зубов



до рестаурації зубов



после рестаурації зубов



Қорытынды

Қазіргі кезде эстетикалық стоматология өте қарқынды дамуда және көп сұранысқа ие. Тістердің кариесті немесе кариесті емес зақымдалуларын реставрациялық қалпына келтіру, тіс қатарының мінсіз көрінісін жасау стоматолог дәрігердің аса біліктілігі мен ептілігін қажет етеді. Реставрация жасағанда стоматолог тістің анатомиялық ерекшеліктерін жетік білуі тиіс.

Адгезивті технологиялардың дамуы және жаңа композиттердің пайда болуы дәрігер стоматологтардың жұмысының жоғарлауы, жасалатын емінің медициналық шипалығын жоғарылатты, тіс реставрациясының терапиялық әдістермен жасауға жаңа мүмкіндіктер ашты. Жаңа композиттік технологиялары қолдануды әп кезде нақты тәртібімен орындау маңызды. Әр науқасқа ерекше, өзіне сай емдік – алдын ала шара жүргізу керек, реставрациялық жадихаттардың мүмкіндігінің барынша қолдану керек.

Қолданылған әдебиеттер

- ✓ *Е. В. Боровский, В.С Иванов Терапиялық стоматология – М, 2002*
- ✓ *Базикян Э.А. Пропедевтическая стоматология: Москва, 2015*
- ✓ *Максимовский Ю.М. Фантомный курс терапевтической стоматологии (атлас) – М., 2005.*
- ✓ *<https://www.google.kz>*